

«Алматы қаласын дамыту орталығы»
АҚ Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «29» шілдедегі
шешімімен бекітілді
№ 6 хаттама

**«Алматы қаласын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамның
Ақпарат ашу саясаты**

Алматы қ.

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Ақпарат ашу саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат Жалғыз акционерге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және/немесе уәкілетті ұйымдарға, сондай-ақ өзге де тұлғаларға Қоғам мен оның олардың мүдделеріне қатысты қызметі туралы қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну, Қоғамның ақпараттық ашықтығын арттыру және Қоғам мен ақпарат алушылар арасында нақты ақпарат алмасуды белгілеу мақсатында әзірленді.

1.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат келесі үш топқа бөлінеді:

1) Жалғыз акционерге ашуға жататын мәліметтер;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға / уәкілетті ұйымдарға міндетті түрде ұсынылуы тиіс мәліметтер;

3) Қоғам өз қызметі туралы ашатын мәліметтер.

1.4. Қоғамның Директорлар кеңесіне (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) ақпарат Қоғамның Жарғысына, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережеге, Директорлар кеңесінің шешімдеріне және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес ұсынылады.

1.5. Қоғам Басқармасының Төрағасы ақпарат пен есептілікті ұйымдастыруға және уақтылы ұсынуға, сондай-ақ олардың жай-күйі мен шынайылығына жауапты болады.

1.6. Осы Саясатта қолданылған, бірақ анықталмаған терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында пайдаланылатын мағынада түсініледі.

1.7 Қоғам Саясаты келесі қағидаттарға негізделген:

тұрақтылық қағидаты – Қоғам ақпаратты тұрақты және жүйелі негізде ұсынуға ниетті және дайын екенін білдіреді;

жеделдік қағидаты – Қоғам ақпарат алуға мүдделі тараптарды заңнамада белгіленген және/немесе мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде хабардар етуге ниетті екенін білдіреді;

қолжетімділік қағидаты – Қоғам туралы ақпаратты алу тәсілдері ақпарат алушылар үшін мүмкін, еркін және ауыртпалықсыз болуын көздейді;

шынайылық қағидаты – Қоғам өз қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында әдейі бұрмаланған немесе жалған ақпараттың таралуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынын білдіреді, мұндай ақпарат Қоғамның іскерлік беделіне жағымсыз әсер етуі мүмкін;

толықтық қағидаты – ақпарат Қоғам қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті көлемде және толық түрде ұсынылатынын білдіреді. Заңнамада және Қоғамның Жарғысында міндетті түрде ашылуға жататын ақпараттан бөлек, Қоғам өз қызметін неғұрлым толық түсіну мақсатында

жоспарланған және ағымдағы қызметі туралы басқа да ақпаратты өз еркімен ұсына алады;

теңгерімділік қағидаты – Қоғам бір жағынан, ақпараттың ашықтығы мен ақпарат алушылардың құқықтарын барынша іске асыруды, екінші жағынан, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қолжетімділікті шектеу бөлігінде Қоғам мүдделерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, ашықтық пен құпиялылықтың орынды тепе-теңдігін қамтамасыз ететінін білдіреді.

тең құқықтық қағидаты – Қоғамның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделі тұлғалардың ақпарат алудағы құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етуді білдіреді;

ақпараттық ресурстардың қорғалу қағидаты – Қоғамның өзіне тиесілі қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпаратты қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген тәсілдер мен құралдарды пайдалануға құқығы бар екенін білдіреді;

объективтілік қағидаты – Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты ашу кезінде, егер ол қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпарат болып табылмаса, жағымды да, жағымсыз да мәліметтерді бірдей дәрежеде жариялауға міндетті екенін білдіреді.

2. Жалғыз акционерге ақпаратты ашу

2.1 Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Саясатта және Қоғамның басқа да құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғам туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

2.2 Қоғам Жалғыз акционердің назарына қоғамның келесі корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер;
- 2) Осы саясаттың 2.3-тармағында айқындалған мәселелер тізбесі бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
- 3) Қоғамның акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 4) қоғамның ірі мәмілелер және мынадай шарттарға бір мезгілде жауап беретін мәмілелер жасауы: қоғамның мүдделілігі бар және қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күні құны қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылады;

5) қоғам мүлкін осы қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру;

6) қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

7) қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсаттар алуы, қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсаттарының қолданылуын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;

8) қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

9) Қоғамның мүлкіне тыйым салу;

10) нәтижесінде баланстық құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың орын алуы;

11) Қоғамды және оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

13) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

14) Қоғамның жарғысына, Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

2.3 Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдаған, олар туралы ақпарат келесінің назарына жеткізілуі тиіс шешімдер бойынша мәселелердің тізбесі:

1) Жалғыз акционердің:

- Қоғамның орналастырылған бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

- Қоғам оларды сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесін және әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

- Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

- Қоғам Жарғысына сәйкес таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы туралы шешімді қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған компанияларды қоспағанда, компанияларды тарату және қайта ұйымдастыру туралы шешімдерді қабылдау;

- Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

- Қоғамға тиесілі барлық активтердің оннан жиырма бес пайызына дейінгі сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау.

2) Жалғыз акционердің:

- Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ақпарат;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

- Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері;

- Қоғамның бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу құқығы бойынша ашылатын ақпарат;

- Қоғамның Жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзге де ақпарат.

2.4 Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсынылатын Қоғамның жылдық есебінде көрсетілуі тиіс:

1) Қоғамның қаржылық және операциялық қызметінің нәтижелері;
2) Қоғам қызметінің мақсаттары, басым бағыттары (даму стратегиясы) және оларды орындау (жетістіктер) нәтижелері;

3) Қоғамның меншік құрылымындағы өзгерістер;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің жылдық есебі;

5) Қоғам қызметіне байланысты тәуекелдерді азайту үшін қолданылатын шаралардың сипаттамасы;

6) әрбір мәміленің тараптарын, шарттарын, оны жасасу туралы шешім қабылдаған Қоғам органын көрсете отырып, есепті жылы жасалған ірі мәмілелер мен Қоғам жасауға мүдделі болып табылатын мәмілелердің тізбесі;

7) есепті жылдың нәтижелері бойынша Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен төленген немесе төлеуге жататын Қоғамның лауазымды адамдары сыйақысының (шығыстар өтемақысының) мөлшері;

8) мүдделі тұлғалармен байланысты маңызды мәселелер;

9) мемлекеттен алынатын кепілдіктерді және Қоғамның мемлекет пен үшінші тұлғалар алдында өзіне қабылдаған кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау;

10) маңызды корпоративтік оқиғалар;

11) Қоғамның Жарғысында немесе Қоғамның өзге ішкі құжаттарында көзделген өзге ақпарат.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына/уәкілетті ұйымдарына міндетті тәртіпте ұсынылуға тиіс ақпаратты ашу

3.1 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес мүдделі тұлғаларға олардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты ақпаратқа уақтылы және тұрақты негізде қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3.2 Қоғам бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау саласындағы уәкілетті ұйымға, салық салу мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарға және/немесе уәкілетті ұйымдарға ақпаратты ашуды міндетті тәртіпте жүзеге асырады.

3.3 Бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы

заңнамасына, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес ұсынылады.

3.4 Салық салу, статистика және басқа да мәселелер бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген талаптарға сәйкес ұсынылады.

4. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу

4.1 Қоғам Қоғамның қызметі туралы жағымды қоғамдық пікірді (оң имиджді) қалыптастыру мақсатында жұртшылықтың өз қызметі туралы хабардар болу деңгейін арттыруға ұмтылуы тиіс.

4.2 Мемлекеттік органдардың/уәкілетті ұйымдардың сұраулары бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамға сұратылған ақпаратты беру міндеті жүктелмесе, Қоғам ақпаратты өз құзыреті шегінде ұсынады.

Егер сұрау мәні тиісті мемлекеттік органдардың құзыретінен тыс болса, әрбір нақты жағдайда сұратылған ақпаратты берудің орындылығы туралы шешімді Қоғам Басқармасы дербес қабылдайды.

4.3 Мемлекеттік орган болып табылмайтын өзге ұйымдардың сұраулары бойынша Қоғам ақпаратты тек Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ғана ұсына алады.

4.4 Қоғамның аудиторлық ұйыммен, консалтингтік компаниялармен (кеңесшілермен), рейтинг агенттіктерімен өзара іс-қимылы барысында ақпаратты ашу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ көрсетілген ұйымдармен жасалған шарттармен айқындалады.

4.5 Қоғам есептік (бағалау) ақпаратты ресми түрде жариялағанға дейін Қоғамның таза пайдасы және өзге де қаржылық-шаруашылық қызмет көрсеткіштері жөніндегі болжамдық ақпаратты жарияламайды.

Сонымен қатар, Қоғам өз дамуының перспективасын объективті бағалауды қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық қоғамдастыққа кірістер, шығыстар мен күрделі шығындардың көлеміне, жаңа жобаларға, сондай-ақ өзге де коммерциялық және техникалық ақпаратқа қатысты алдын ала (ауызша және/немесе жазбаша) ақпаратты ұсынуы мүмкін, бұл ретте мұндай мәлімдемелердің ықтимал дәйексіздігі үшін жауапкершіліктен босату туралы ескертумен бірге беріледі.

Егер жаңа ақпараттың бұрын жарияланған ақпараттан ауытқуы бойынша түсініктемелер ұсынылмаса, алдын ала ақпарат бұрын кез келген түрде жарияланған ақпаратқа, соның ішінде жылдық, тоқсандық және өзге де есептерді, сондай-ақ маңызды фактілер туралы хабарламалар мен баспасөз релиздерін қоса алғанда, қайшы келмеуі тиіс.

4.6 Ақпаратты жариялау үшін (баспасөз-релиз) бұқаралық ақпарат құралдарына беру және оны Қоғамның веб-сайтына орналастыру Қоғамның Басқарма Төрағасымен, ақпараттық сүйемелдеуге жауапты құрылымдық

бөлімшемен және/немесе Қоғамның өзге уәкілетті тұлғасымен келіскеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

4.7 Қоғамның веб-сайтында Қоғамның тарихы, Қоғамның ұйымдық құрылымы, Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы, негізгі корпоративтік құжаттары, Қоғамның даму стратегиясы, Қоғамның сатып алулары туралы ақпарат, Қоғамның маңызды корпоративтік оқиғалары, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес өзге де ақпарат мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Қоғам белгіленген тәртіппен Қоғамның веб-сайтын уақтылы, толық әрі сапалы жаңарту үшін Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің жауапкершілігін бекітеді.

4.8 Қоғам қызметкерлері еңбек жағдайлары туралы толық әрі шынайы ақпарат алуға құқылы. Бұл ақпарат, сондай-ақ қызметкердің өз функционалдық міндеттерін орындауына қатысты өзге де ақпарат еңбек шартына қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қызметкерге жеткізіледі.

5. Өзге ережелер

5.1 Қоғам өзге тұлғалардан алдын ала алынуы қажет ақпаратты жариялау қажет болған жағдайда, Қоғам мұндай ақпаратты уақтылы алу және оны үнемі жаңартып отыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

5.2 Қоғамға және/немесе Жалғыз акционерге зиян келтіруге әкелген ақпаратты ашу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын, осы Ақпаратты ашу саясатын және Қоғамның ішкі құжаттарын бұзған жағдайда, кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

5.3 Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы өзгерген жағдайда, осы Саясаттың нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.